

Байсарова Гулбану Гасанкулиевна

магистр техн. наук, старший преподаватель

Каспийский государственный университет

технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова

г. Актау, Республика Казахстан

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНЫНДАҒЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ БЕЙІМДЕЛУІ

Аннотация: *данную статью автор посвятил теме наблюдения за учебным процессом в средней школе.*

Ключевые слова: *психофизиологический процесс, управление, преподавание.*

Аңдатпа: *ортаға беймделу – бұл қоршаған ортаның ауыспалы жағдайына қарамастан организмнің өмір сүруіне мүмкіндік беретін динамикалық процесс. Нақты осы ортаға беймделу процессі организмнің үнемі ауыспалы ортада өмір сүруіне мүмкіндік беріп келген ұзақ эволюциялық дамудың негізінде қалыптасқан процесс.*

Кілт сөздері: *индивид – орта, психофизиологиялық процесс, бейімделу, тәлімгер.*

Ортаға беймделу процессінің негізінде гомеостаздың сақалуына қол жеткізіледі. Бұл байланыстың нәтижесінде ортаға бейімделу процессі организмнің қызмет етуін ғана сақтап қоймайды, сонымен қатар «орғанизм – орта» жүйесінің теңдігін сақтап қалады. Ортаға беймделу процессі «орғанизм – орта» жүйесінде елеулі өзгерістер болған сайын үнемі өзін – өзі жүзеге асырып отырады. «Орғанизм – орта» жүйесінде елеулі өзгерістер болған жағдайда ортаға беймделу процессі организмді жақсы физиологиялық қызмет атқаруға және іс – әрекеттік жауап қайтаруға мүмкіндік беретін жаңа гомеостатикалық күйге алап келеді. Организм мен орта қаншалықты статистикалық емес динамикалық күйде тұрса олардың ара – қатынасы үнемі өзгерісте болады, сонымен қатар ортаға беймделу процессі үнемі жүріп отырады.

Жоғары айтылғандар кез – келген организмге оның ішінде жануарлар мен қатар адамдарға да тән процесс. Адамның мұндағы бар ерекшелігі «индивид – орта» жүйесіндегі оның адекватты қатынасы, мұнда психикалық ортаға бейімделу процессінің орны ерекше.

Психофизиологиялық процесс өз құрамына психикалық бейімделу процессін қосқан толық процесс. Бұл процесс өзіне мына екі аспектіні біріктіреді: индивидтің қоршаған ортамен қатынасын жетілдіріп отыру, психикалық және физиологиялық ерекшеліктердің ара қатынасындағы адекватты сәйкестілікті қалыптастыру.

Қоршаған ортаға бейімделу – бұл процесс организмнің өзін – өзі жүзеге асыруының барысында олардың қызмет етуінің ең жоғары дәреже де ұстап тұруына мүмкіндік береді.

I-курста студенттердің оқуға, келешек мамандығына, «өзін-өзі» табуға деген белсенді қатынасы қалыптасады. Жоғары оқу орнында студенттер қатар екі бейімделу процесін өткізеді: оқу процесі мен әлеуметтік-психологиялық процесті. Оқу процесінің шарттарына, ұйымдастырылуына, құрамы мен сипатына үйрену.

Академиялық топқа, ішінаралық қарым-қатынасқа жеке өзіндік стильді және жолдастармен қарым-қатынасты қалыптастыру деген сөз.

I курс студенттерінің оқу өміріне деген дайындығы әртүрлі болады. Көп студенттер өз бетінше жұмыс жасау саласында қиындықтар шегеді. Лекцияларды конспектілей алмау, берілген фактіні өз көз-қарастарының тұрғысынан түсінбеу. Осы жерде тәлімгер рөлінің маңыздылығы айқын көрінеді. Тәлімгер топты, ұжымды «жасау» керек, студенттердің өз бетінше жұмыс істеуі деген жаңаша әдістерді үйрету, студенттердің оқу жұмысын бақылауы керек.

Студенттердің бейімделуі II семестрдің соңы мен III семестрдің басында аяқталады. Жалпы студенттердің оқу барысындағы бейімделуін психологтар былай сипаттайды:

1 – ші курста 3 бейімделу процесі жүреді.

2 – ші курстан – 3 – ші курсқа қарағанда оқу жұмысының «қайнауы».

3 – курста – мамандану процесімен байланысты ғылыми жұмысқа деген қызығушылықтың тереңдеуі, түрлі қызығушылықтардың азаюы, кемуі.

4 курста – өз мамандығымен оқу өндірістік іс – тәжірибеде тәжірибе жүзінде танысуы. Студенттер көптеген өмірлік құндылықтарды қайта қарастырады. Әрі рухани, мәдени қарым- қатынасы өзгереді.

5 курста – жоғары оқу орнын жақын арада бітіруінің мүмкіндігі, келешек кәсіби мамандығына тәжірибесінің қалыптасуы, студенттік өмірдің ұжымдық формаларынан алшақтауы.

Студенттік тұлғаны психологиялық – педагогикалық тұрғыдан сипаттағанда әлеуметтік – мәдени ортаның деңгейін назарға алу керек, студент оқып жүрген кездегі тарихи кезеңді, сол ұрпақтың ерекшелігін, жыныс ерекшелігін ұлттық салт – дәстүр, өмір сүру деңгейін ескеру қажет. Осының бәрі бүгінгі таңда актуалды мәселе болып табылатын жастар туралы арнайы әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық проблема ретінде айтуға мүмкіндік береді. Студенттердің жас және дара ерекшеліктерін айта отырып, олардың жеке тұлғаның өзегі (стержи) оның мақсаттылығы мен бағыттылығы, оның ішінде ең алдымен болашақ маманның кәсіби сапасын анықтайтын қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылымы екендігін естен шығармау керек.

Жоғары оқу орнында білім алудың алғашқы кезеңдерінде студент оқу - тәрбие процесінің объектісі ретінде көбірек әрекет етеді. Бой үйрету барысында ол жаңа шарттар мен міндеттерді игеруі шарт. Іздемпаздық жұмыс көлемі мен мәнінің артуы, жаңарту сипатындағы оқу танымдық қызметтен оның жемісті түрлеріне көшу, ынта ықыластың пайда болуы және оқу зерттеу қызметіне қатысу студенттің оқу-тәрбие процесінің субъектісі екендігінің айғағы. 17–18 бен 25–26 жас аралығын психологияда екінші жастық шақ деп атайды, ересек адамдардың әлеміне кіру шағы. Студент үшін бұл шақ – тұлға әрі жоғары маман иесі болып қалыптасу кезеңі. Психолог Б.Г.Ананьев студенттік жасты былай сипаттайды: Бұл жаста ахлақтық және эстетикалық сезімдер белсенді дамиды, ересек адамға тән азаматтық, қоғамдық-саяси, кәсіби-еңбектік функциялардың

пайда болып, нығаюы байқалады, мектеп жасынан студенттік жасқа өту уақытында интеллектуалды, физикалық күштердің дамып жетілуіне байланысты студенттің сұранысы артады. Бірақ, осы сұраныстарын жүзеге асыру жолында уақыттың, әрі экономикалық мүмкіндіктердің жетіспеуі қайшылықтарды туғызады. Студенттің дербес іс-әрекеті жатақханаға орналасқан және қаржы қорын жаратып, жұмсағанда, өз уақытын дұрыс пайдалануда көрініс табады. Студенттік шақта жастар осы жасқа тән өздеріне деген сенімділігі мен албырттықпен көптеген қоғам қабылдаған құндылықтарды, қатып қалған ережелерді, өмір сүру қағидаларын сынай бастайды. Бұрын күдік туғызбаған мәселелердің бәрін қайтадан, басынан сын көзбен қарастыру – студенттерге тән ерекшеліктердің бірі болып табылады. Студенттердің осы бір сын көзбен қарау іс-әрекеті кейде көрініс болса, көп жағдайда негізсіз болып табылады. Себебі, болып жатқан құбылыстарды бағалауға өмір тәжірибесінің жетіспеуінің нәтижесінде ақылсыз, негізсіз сынға әкеледі.

Әрбір студенттің жоары оқу орынына бейімделуі әрқалай жүреді. Мысалыға келтірер болсақ жұмыс өтілі бар жас азаматтар мен азаматшалар жоғары оқу орынындағы оқу процесіне жылдам бейімделсе, мектепті жаңа бітірген студенттердің бұл жадайға бейімделуі баяу жүреді. Жалпы студент қауымының алдында тұрған негізгі міндет оқу процесіне қатысушыларды іс – әрекеттің жаңа түріне бейімдеп өзара тиімді және нәтижелі іс – әрекетке қол жеткізу.

Барлық жоары оқу орындарында бірінші курсы студенттерін ЖОО бейімдеу мақсатында бір қатар іс – шаралар жүйесі іске асырылады. Бұларға: «Студенттік ағарту», «мамандыққа кіріспе», алдыңғы қатарлы оқытушылардың баяндамасы, оқу орынынның тарихымен танысу, жатақханаларда мәдениет, кеңес беру орталықтарын ұйымдастыру тағыда басқалар жатады. Студенттердің ЖОО бейімделуін жүйелі мәселе ретінде қарастыру керек, мұнда студенттер тобының

ұжым ретінде қалыптасуына оқу орынындағы әрбір ұйымдар мен топтардың ықпалы зор.

Әдебиеттер тізімі

1. Көшербаев Қ.Е. Қазақстан Республикасындағы жоғары білімді дамыту стратегиясы / Қ.Е. Көшербаев, Ә.І. Ахметов, А.Е. Әбілхасымов, Х.М. Рахымбеков. – Алматы: «Білім» баспасы, 1998.

2. Педагогика и психология высшей школы: Учебное пособие. – Ростов: Феникс, 2002. – 554с.

3. Абдулина О.А. Личность студента в процессе профессиональной подготовки // Выс. обр в Россий. – 1993. – №3.